



Алаш және Үш жүз партиялары, саяси қызметтері

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің асқар шыңы XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы болды. Бұл қозғалыстың басында қазақ зиялылары тұрды. Бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1917 жылғы Ресейде басталған революция қазақ зиялыларының өз халқының құқықтарын қорғау жолындағы қызметін жандандыра түсті.

1917 жылы ақпанда Ресейде буржуазиялық-демократиялық революция болып, монархия құлатылды. Петроградтағы оқиғалар туралы хабарды қазақ халқы, ұлттық-демократиялық қозғалыстың басшылары қуанышпен қарсы алды.

Қазақтар патша билігінің құлатылуын құптап, оны өздерінің ғасырлар бойы жүргізген күресінің нәтижесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысында алға тартқан мақсаттарының орындалуы деп білді.

1917 жылғы Ақпан революциясы патша өкіметінің геноцид саясатын тежеді, ұлт саясаты саласында бостандықты, халықтардың теңдігін қолдайтынын мәлімдеді. Сөйте тұра ол шет аймақтардың халқына ұлттық-аймақтық өзін-өзі билеу құқығын беруден тартынды, отаршылдық басқару органдарын жоймады.

«Алаш партиясы» 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында I Жалпықазақ съезінде құрылды. Партия 1917 жылы 5 қазанда «Алаш» деп аталды. «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары қазан айында құрылды. Партияның бағдарламасының жобасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарық көрді. Бағдарлама 10 пункттен тұрды (мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім, жер мәселесі).

Партия жетекшісі Ә. Бөкейханов болды, партияны құруға А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, М. Шоқай, Ж. Ақбаев, Ш. Құдайбердиев, Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев және т.б. алаш зиялылары атсалысты.

Олардың мақсаты қазақ елін отарлық езгіден құтқарып, өз алдына ұлттық автономия құру болды. Үш жүз партиясы 1917 жылы қараша айында Омбы қаласында құрылды. Төрағасы – Мұқан Әйтпенов, ал орталық комитет құрамына Көлбай Тоғысов, Ысқақ Қабенов кірді.

Үш жүздің бағдарламалық тезистері шашыраңқы болды. Онда еңбекшілердің талаптарын ескеретін пункттер: қазақ шаруаларына жер беру, отырықшы өмір салтына ауысу, мектеп ашу, тұрғындар арасына білім тарату т.б. енгізілді. Бұған қоса Үш жүз заңдар жинағын құқық пен шариғатты негізге ала отырып құруды ұсынды. Құранның қатал пункттерін алып тастап, оның некеге, отбасына, мұраға қатыстыларын қалдыру керек деп жазды. Үш жүз 1917 жылы екіге бөлінді, «Үш жүз» партиясының солшыл қанатын К. Тоғысов басқарды. К. Тоғысовтың басшылыққа келуімен «Үш жүз» партиясының саяси бағдары өзгерді. Партия Кеңес өкіметіне сенім білдірді.

Алаш пен Үш жүз партияларының бағдарламаларында айырмашылықтар болды. Алаш партиясының сипаты – ұлттық партия, олар қазақ халқын ешқандай тапқа, топқа жіктемей ұлт мүддесін ойлады. Үш жүз партиясының сипаты – социалистік партия, олар еңбекші халықтың мүддесін қолдап, Кеңес өкіметін қолдады. Әлеуметтік құрамы: Омбының қала кедейлерін, шеберлерді, жәмшіктерді, бақташыларды біріктірді.

Алаш партиясының мақсаты – тәуелсіз, эволюциялық жолмен дамитын, ұлттық мемлекет құру. Үш жүз партиясының мақсаты – түркітілдес халықтардың біртұтас автономиясын, Түркістан Федерациясын құру. Партия өкілдері Алаш автономиясын «контрреволюциялық автономия» деп сынады.

«Алаш» партиясының баспасөз органы «Қазақ» газеті болды. Үш жүз партиясының баспасөз органы болған Үш жүз газеті, 1917 ж. желтоқсанның бастап Петропавл қаласында шыға бастады.

1918 жылдан бастап Кеңес билігі платформасында мығым тұрған Үш жүз Алашқа қарсы белсенді күрес жүргізді.

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында II Жалпықазақтық съезде Алашорда үкіметі жарияланды.

Оған Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстарынан және Бөкей

Ордасынан барлығы 200-ден астам өкіл қатысты. Б. Құлманов, Ж. Досмұхамедұлы, Ғ. Қараш, Х. Досмұхамедұлы, М. Шоқай және т.б. белгілі тұлғалар арнайы шақырылды. Съездің төралқасына Б. Құлманов (төраға), Ә. Бөкейхан, Х. Досмұхамедұлы, Ә. Кенесарин, Ғ. Қараш сайланды.

Съездің күн тәртібіне Сібір, Түркістан автономиясы және оңтүстік-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, Ұлттық кеңес, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, мүфтилік, халық соты, ауылдық басқару, азық-түлік, т.б. мәселелер енгізіліп, маңызы зор шешімдер қабылданды.

Съезд Қазақ автономиясы мен милиция туралы Х. Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген қаулы шығарды.

Съездегі ең басты мәселе автономия мәселесі жөнінде Ғ. Ғаббасовпен бірге Түркістан автономиясы жөнінде М. Шоқай да сөз сөйледі. Осы негізгі мәселеге байланысты съезд аса маңызды тарихи қаулы қабылдады. Ол бойынша «Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын», «Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені «Алаш» мүлкі болсын» делінді.

Алаш облыстарын бүліктен қорғау мақсатында Алашорда аталған Ұлт кеңесі құрылды. Оған 25 адам мүше болды. Төрағасы болып Ә. Бөкейханов сайланды. Он орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халық өкілдеріне қалдырылды. Алашорданың уақытша тұратын орны болып Семей қаласы белгіленді.

Тезистер

- Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің асқар шыңы XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы болды. Бұл қозғалыстың басында қазақ зиялылары тұрды.
- 1917 жылы ақпанда Ресейде буржуазиялық-демократиялық революция жүріп, монархия құлатылды.
- Қазақтар патша билігінің құлауын құптап, оны өздерінің ғасырлар бойы жүргізген күресінің нәтижесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыста алға тартқан мақсаттарының орындалуы деп таныды.
- 1917 жылғы Ақпан революциясы шет аймақтардың халқына ұлттық-аймақтық өзін-өзі билеу құқығын беруден тартынды, отаршылдық басқару органдарын жоймады.
- Алаш партиясы 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында I Жалпықазақ съезінде құрылды. Партия 1917 жылы 5 қазанда «Алаш» деп аталды.
- Алаш партиясының облыстық ұйымдары қазан айында құрылды. Партия бағдарламасының жобасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарық көрді.
- Бағдарлама 10 пункттен тұрды (мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім, жер мәселесі).
- Партия жетекшісі Ә. Бөкейханов болды, партияны құруға А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, М. Шоқай, Ж. Ақбаев, Ш. Құдайбердиев, Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев т.б. алаш зиялылары атсалысты.
- Олардың мақсаты қазақ елін отарлық езгіден құтқарып, өз алдына ұлттық автономия құру болды.
- Үш жүз партиясы 1917 жылы қараша айында Омбы қаласында құрылды. Төрағасы – Мұқан Әйтпенов, орталық комитет құрамына Көлбай Тоғысов, Ысқақ Қабенов кірді.
- Үш жүздің бағдарламалық тезистері шашыраңқы болды. Онда еңбекшілердің талаптарын ескеретін пункттер: қазақ шаруаларына жер беру, отырықшы өмір салтына ауысу, мектеп ашу, тұрғындар арасына білім тарату т.б. енгізілді.
- Үш жүз заңдар жинағын құқық пен шарифатты негізге ала отырып құруды ұсынды.
- Үш жүз партиясы 1917 жылы екіге болінді, «Үш жүз» партиясының солшыл қанатын К. Тоғысов басқарды. К. Тоғысовтың басшылыққа келуімен «Үш жүз» партиясының саяси бағдары өзгерді. Кеңес өкіметіне сенім білдірді.
- Алаш пен Үш жүз партияларының бағдарламаларында айырмашылықтар болды.
- «Алаш» партиясының сипаты ұлттық партия болды, олар қазақ халқын ешқандай тапқа, топқа жіктемей ұлт мүддесін ойлады.
- «Үш жүз» партиясының сипаты социалистік партия болды, олар еңбекші халықтың мүддесін қолдап, Кеңес өкіметін қолдады.
- «Алаш» партиясының мақсаты тәуелсіз, эволюциялық жолмен дамиды, ұлттық мемлекет құру болды.
- «Үш жүз» партиясы Алаш автономиясын «контрреволюциялық автономия» деп сынады.
- «Алаш» партиясының баспасөз органы «Қазақ» газеті болды
- «Үш жүз» партиясының баспасөз органы «Үш жүз» газеті, 1917 ж. желтоқсаннан

бастап Петропавл қаласында шыға бастады.

- 1918 жылдан бастап Кеңес билігі платформасында мығым тұрған Үш жүз Алашқа қарсы белсенді күрес жүргізді.
- 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында II Жалпықазақтық съезде Алашорда үкіметі жарияланды.
- Оған Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстарынан және Бөкей Ордасынан барлығы 200-ден астам өкіл қатысты.
- Съездің күн тәртібіне Сібір, Түркістан автономиясы және оңтүстік-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, Ұлт Кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, мүфтилік мәселесі, халық соты, ауылдық басқару, азық-түлік және т.б. мәселелер енгізіліп, маңызы зор шешімдер қабылданды.
- Съезд Қазақ автономиясы мен милиция туралы Х. Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген қаулы шығарды.
- Съезд «Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын», «Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаштың мүлкі болсын» делінді.
- Алаш облыстарын бүліктен қорғау мақсатында Алашорда аталған Ұлт Кеңесі құрылды. Оған 25 адам мүше болды. Төрағасы болып Ә. Бөкейханов сайланды. Он орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халық өкілдеріне қалдырылды.
- Алашорданың уақытша тұратын орны болып Семей қаласы белгіленді.